То, о чём говорится здесь, это всего лишь толика от общей картины, которую можно видеть сегодня как в райцентре, так и по всему району, что меняет облик в лучшую сторону. В цветочный наряд облачаются парки и скверы, улицы и арки. И это ничто иное, как желание людей поддержать инициативу первого руководителя района С.ЗАЙНУЛДИНА в вопросах благоустройства и озеленения, сделать край ещё привлекательнее. Ведь такие жизнеутверждающие краски и фантазии делают мир богаче и краше. И нашу жизнь тоже.

ЗОЯ БУЛАНОВА.
фото Мадины Курманбековой.

ОБРАЗОВАНИЕ

ОБ УЧЕБНИКАХ И ШКОЛЬНОЙ ФОРМЕ

Как ложка дорога к обеду, так и сентябрь ждет нужные ему свои атрибуты, а они, как правило, ассоциируются с подготовкой к новому учебному году. Лето еще играет своими красками, а родители, обеспокоенные вопросами подготовки своих детей к школе, уже пошли по торговым точкам, с целью приобретения обуви, портфелей, канцтоваров...

Но сентябрь, беспокойный и щепетильный, несет с собой множество и других вопросов: хватит ли учебников, как решается вопрос о форме, войдут ли в учебную программу новые предметы...

Именно с этими вопросами мы и обратились к ответработникам отдела образования и получили следующие ответы.

В этом году из местного бюджета на приобретение школьных учебников было выделено около 65-ти миллионов тенге. Тендер на 333 тысячи тенге выиграла ИП "Тоганаева". Из шести издательств были закуплены все необходимые книги, среди них и учебники по обновленной программе. Как известно в этом году первоклассники будут изучать три языка: казахский, английский и русский, также в 8 - 9 классы в этом году введен новый предмет - религиоведение. Книг должно хватить всем, уверяют в районном отделе образования, в связи с увеличением числа учащихся, учеб-

ники были приобретены с запасом.

Помимо этого, в этом году в связи с изменениями в школьной программе учителя казахского, русского и английского языков прошли месячные курсы по обновленной программе. Все учителя, которые будут преподавать в первых классах, также прошли специальную подготовку и сдали тесты.

Что касается школьной формы, Министерством науки и образования был издан приказ о введении единой школьной формы темно - синего цвета в целом по Казахстану, говорят специалисты. Однако, все кто купил в прошлом году школьную форму других цветов и фасонов, при желании могут их донашивать.

В целях поддержки отечественного производителя родителям рекомендуется приобретать школьную форму для девочек в фирме "Сымбат", для мальчиков в фирме "Гласман".

Записала ЖАНАР ЖАХАТ.

К 25-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РК

ТРИ ПОБЕДНЫХ МЕДАЛИ

В городе Алматы прошла восьмая спартакиада Казахстана по боксу среди юношей и девушек 1999-2000 года рождения. В спартакиаде приняли участие команды 12 областей Казахстана. По итогам I-е место заняла Алматинская область, II место - Тараз, III-е место - ВКО, в копилке области 9 медалей. У девушек из Урджарского района 3 медали - одна серебрянная и две бронзовых. Су-

танов. В весе 63 кг ученица из СШ им. Б.Момышулы Гүльдана Калмурат стала двухкратным серебряным призером спартакиады Казахстана, завоевав серебрянную медаль. Тренер - Тусупов Талгат.

В весе 57 кг ученица СШ им. Б. Момышулы Жұлдыз Тойкова завоевала бронзовую медаль. Тренер - Канат Альмаганбетов. В весе +81 кг бронзовая медаль у Асар Төлеубе-



деей на спартакиаде была двухкратная чемпионка мира Назым Кызайбай. Организатор бокса среди девушек по нашему району - старший тренер спортивной школы Ерзат Ка-

ка. Она 2015 году на чемпионате Казахстана завоевала бронзовую медаль. Асар раньше училась в средней СШ им. Ауэзова, затем 2016 учебном году перевелась в СШ им.



Крупской. Начальные тренеры - учителя СШ им Ауэзова А.Сарсенов, Е.Сарсенов. Тренеру спортивной школы Талгату Тусупову, спонсорам ТОО "Урджар Пласт" Ю.Чурсиновой, депутату районного маслихата по Кабанбайскому избирательному округу №6 М.Акпекову и акиму Жана тилекского СО А.Омарову выражаем огромную благодарность, а также благодарим учителей и тренеров, которые уделяют много времени на тренировки детей. Желаем девочкам успехов, чтобы они достигали больших достижений в спорте, как двухкратная чемпионка мира Назым Кызайбай.

ДИДАР АЛТЫНБЕКОВ,
завуч по учебной части детско-юношеской спортивной школы.

НА ОСНОВАНИИ ПОРУЧЕНИЯ ГЕНЕРАЛЬНОГО ПРОКУРОРА

ПОКАЗАТЕЛИ ЗАМЕТНО ИЗМЕНИЛИСЬ

Рассмотрена информация об итогах мониторинга промежуточных результатов исполнения поручений Генерального Прокурора Республики Казахстан по снижению давления на бизнес в рамках досудебного расследования по фактам лжепредпринимательства, а так же уклонения от уплаты налогов. На основании поручения Генерального прокурора Республики Казахстан данного на форуме "Надзор прокуратуры в сфере предпринимательства" с участием Национальной Палаты предпринимателей

РК "Атамекен", был проведен анализ обстоятельств способствующих неправомерному вовлечению субъектов бизнеса в уголовный процесс.

Мониторинг промежуточных результатов исполнения данных поручений свидетельствует о следующих положительных тенденциях. В рамках вышеуказанного поручения удалось вывести из стадии досудебного расследования необоснованно вовлеченных в него предпринимателей: по заданию Генеральной проку-

ратуры (от 21.06.2016 г.) В июне т.г. Прекратили, необоснованно зарегистрированные в ЕРДР, 65 уголовных дел о лжепредпринимательстве и 63 об уклонении от уплаты налогов, что в два раза больше, чем в предыдущие 5 месяцев 2016 года.

В 2,5 раза сократились проверки субъектов бизнеса налоговыми органами (с 73 до 29 ежедневно), в том числе в 3,5 раза - по поручению органа следствия (с 4,4 до 1,2в день).

Филиал Урджарского района Палаты предпринимателей ВКО

Ауылын пір тұтқан азамат



Үлкен бір кездесуде аудан әкімі Серік Зинабекұлы ЗАЙНУЛДИН "еңбегімен елге сыйлы, жұртты жақсы іске жұмылдырып, жарғақ құлақтары жастыққа тимей жүрген жандар жайында неге жазбасқа, солардың бірі - Дәгеш ағамыз бар",- деп, тікелей тапсырма берген.

Өткен жылы мақаншылық кәсіпкер Жұман Майхаев бір шаруамен осында келген Дәгешті көрсетіп, "менің осы досыма бір мақала арнаңызшы!" деген еді. Қандай ойлы пікірі! Жан досы да, ел тізгінін ұстап отырған азамат та Дәгешті жалпақ жұрт таныса екен деп игі тілек білдіріп отыр.

Сөз жоқ, "халық қаласа, хан түйесін сояды" деген бар. Осы оймен қолымызға қалам алып, аты көпшіліктің аузына ілінген, ісімен дүйім елге үлгі болып жүрген Дәлелқан Рамазанұлы Тілеубердинов туралы оқырмандармен ой бөлісуді құп көрдік.

Бүгінде Дәгеш деп атанып жүрген кәсіпкер азаматтың асан қойып атаған аты - Дәлелқан. Бұл ат тегін емес. Дәлелқанның әкесі Рамазан көзі ашық, көкірегі ояу адам болған. Өмірден ерте озған Рамазан ағамыз қайтыс болғанда "жігіттің төресі еді" деп жылаған ауыл адамдарын жас болсақ та көзіміз көрген.

Атының Дәлелқан қойылуы көрші елдегі жерсуды мекендеген қазақ, қалмақ, ұйғыр сібе, солаң, дүнген т.б. халықтар Гомиьндан үкіметінің басқыншылық саясатына қарсы бас көтеріп, бұл көтеріліс "Шархи, Түркістан" деген атаумен тарихта қалды. Осының ең басында отаншыл азамат Дәлелқан Сүгірбаев, Ахметжан Қасым, Ысқақбек Мунинов сынды азаматтар болды. Көтеріліс жеңіске жетіп тұрған кезде оның басшыларымен келіссөз жүргіземіз деп Бейжіңге шақырып, апара жатқан ұшақтың ұшқышы жерге секіріп, көтеріліс басшылары түгелдей апатқа ұшырады. Бұл көзі ашық жандардың, "елім" деген азаматтардың жүрегін жаралады. Осындай ойдағы Рамазан жұбайы Қайыныш екеуі алдындағы Еркіннің соңынан ерген ұлды халқына қадірі өткен, үлкен істі бастап, аяқтай алмай кеткен есіл азаматтың аты өшпесін деп Дәлелқ-

ан қойды.

Қазақта не көп, мақал-мәтел сөз өте көп. Мазмұнына ой жіберіп, мағынасын бойлай қарасаныз, көптеген мағлұматтарға кезігесіз. Мәселен, "тақыр жерге шөп шықпайды", немесе "тегіне тартпай тұрмайды", - дейді. Қисынды сөз. Дәлелқанның әкесі Рамазан осы өлкеден шыққан Иса қажының немересі. Иса қажы маңайына беделді, айтары бар, аузына ел қараған сыйлы адам болған. Бала кезінде Иса қажыны көзі көрген Иманғазы ақсақал (1910ж.) - Иса осы өңірден алғашқы болып қажыға барып қайтқан адам еді. Осы кісінің екі қолын айқастырып, бас бармақтарын бір-біріне соқпай: "Иірімі жоқ суларға иірілген шабақ не табар. Қайыры жоқ жігітке қайырылған жігіт не табар. Үміт үзбе, Алладан бір қайыры мың болар" - деп отырады екен.

Сол Иса қажыны сексен жастан асқанда жана өкімет "байсың, қажысың" деп кәмпескілеп, жер аударып, ол ата мекенге жете алмай қалды.

Иса қажының кіндігінен Сыматай, Шалматай атты балалары болса, қажының үлкені жылқыдан үкілеп жүйрік мінген, сұлуды тандап сүйген Сыматайдан Рамазан, Жұмаш атты тетелес екі ұл болды. Сол Рамазан ақсақалдың ұлы, Иса қажының шөбересі - Дәлелқан - мақаламыздың кейіпкері.

Дәлелқанның балалық шағы Егінсу ауылында өтті. Жалпы жотасының бауырындағы аяққа құйған астай Егінсу ауылының ізденген кісіге тарихы бай. Үржар өзенінің батысындағы жалпақ жазық кезінде "Қырық ошақ" атанған қырық ошақ қазып, ат шаптырып, балуан күрестіріп, үлкен той жасаған. Кейін жана үкімет егінсулықтарды осы күнгі орынға көшіріп-қондырған. Кезінде өткенге тас атып байды, биді, батырды, қажыны, молданы жаман дедік. Бұл біздің өткен өміріміз. Жүріп өткен жолымыз ертеңгі тарихымыз деп айтқандар да болды-ау!

"Рухы өткендердің бізді айт деп сыбырлайды", - деп жазды қазақтың көрнекті ақыны Иса Байзақов өз кезінде.

Шежірелі Егінсудың тұрғындары қиындықты көп көрді. Үшарал жақтан ақ-казак, орыстар Қарақолдан тік шығып, осы ауылға қонаға жетіп, жығылып, тамақтарын тартып алып, жақсы аттарын мініп кетсе, «сендер ақтарға көмек бердіңдер» деп қызыл солдаттары келіп әңгір таяқ ойнатты. "Ақты жақтайсың" деп қызылдар, "қызылды жақтайсыңдар" деп ақтар осы ауылдың жас-кәрісін қырып бітірудің аз-ақ алдында қалды. Семейлік этнограф, жазушы Әзімқан Сәдуақасовтың "Тарихынды танып біл" деген кітабында Егінсу ауылының бойжеткені Біржан Қилыбайқызының ақша бетін қылышпен осып жіберген. Оның аталас бауыры сегіз жасар Иманғазыны қысқа найзамен белден шаншып жібергенде жерошақтағы күлге құлап, қан тоқтап тірі қалыпты. Марқұм "көрер жарығым бар екен" деп отыратын.

Дәлелқан шындықты, тарихты жақсы көреді. Кісінің кемшілігін көрмеуге, оның тек жақсы жағын байқауға қарекет жасайды.

Себебі, ол анасына жастай көмекші болуға ұмтылды. Бос жатқан дүние жоқ. Рамазаннан ерте қалған балаларын асырау үшін Қайыныш Досымбекқызы аянып қалған жоқ. №3 брига-

дадағы науқандық жұмыстардың бәрін атқарды. Аналарына ес білгеннен бастап он баласы да қолдан келген көмектерін беретін. Көпбалалы үйдің берекесі мол. Барды қанағат тұтып, жоқты іздемейтін.

Егінсу ауылының оңтүстік төменгі жағына қатарлас орналасқан Сыматай, Смағұл ақсақалдардың ұрпақтары қозы-лақтай бір-бірімен араласып жататын. Рамазанның інісі Жұмаштың әйелі Үрімкеш қайтыс болып, Қайыныш тәте барымен болысты. Ырыс қонған береке дарыған қос шаңырақтың балалары араласып, бірге жүрді, бірге тұрды. Бүгінде өмірден өз орнын тапқан жандар. Жұмаштың үлкені Дәулетқажы Егінсу ауылында есепші, ауылдық кеңестің төрағасы болып жемісті жұмыс істеді. ҚАЗГУ-дің журналистика факультетінің түлегі, бүгінде Шәкәрім университетінде жас журналистерге тәлім-тәрбие беріп жүр. Облысқа тарайтын "Нұр-Ислам" діни-танымдық газеттің редакторы. Оның інісі Талғат Тілеубердин Мақаншы полиция бөлімшесін, Абай аудандық ішкі істер бөлімшесін басқарды. Полиция подполковнигі шенінде жастай өмірден озды.

Тағдыр адамға бәрін тосады. Қуаныш құшағына алып тұрып, тұңғызға тастап жібереді. Дәлелқан осының бәрін көрді. Өзінің де денсаулығы сыр берген кезі болды. Құдай қосқан қосағы Жаңыл Жұмекеқызы екеуі бірлесіп, бұл қиындықты да жеңді.

Қыс бойы қолдан жасаған шанамен қырдан төмен сырғанаса, жазда жолдың жалаң аяқ суық топырағын бұрқылдатып ұмытылмақ емес. Осындағы талай балапанды ұшырып шығарған алтын ұя Шоқан Уәлиханов мектебі жанына ыстық. Өзі аудан орталығында тұрғанмен, тайқұлындай тебісіп, жастайынан бірге өскен құрбы-достары осы ауылда тұрады. Ауылын мақтаныш көреді. Дәлелқан "Қазақ батырлары" атты республикалық журналдан Қазақ қолының дарабоз батыры Қаракерей Қабанбайдың жанында Қасабай Баян, Алдияр батырлар тізе қосып соғысып, жоңғардың қалың қолын талқандауға үлкен үлес қосты, - деп жазғанын оқыды.

Дәлелқан рушыл емес, көптеген рудың басы қосылып, құда-жекежат туыс-туған болып кеткен бұл ауылдың әр адамы, әр талы оған ыстық. Өткенге ой жіберетіні де бар Дәлелқан осы ауылдан он қажының, Абайдың Қарамолла съезінде алдын көрген Сүлеймен би, Шыбынтай бидін, қос болыстың шыққанын мақтан етеді. Алғашқы мойынсерікті ұйымдастыруға дәл осы жерге атакты жазушы Бейімбет Майлин, атакты әнші Уәлидің Майрасының алғашқы жолдасы Семей губерниясының прокуроры Әбілмәжін Смағұлов келген ауыл.

Қолхоз құрылып, ел қауырт еңбекке араласқанда қолдан ашаршылық ұйымдастырылып соның кесірінен ауа көшкен ел тірісінен-тірідей, өлісінен-өлідей айырылған. 1937 жылдың даулы соғып қуғын-сүргінге де ұшыраған бұл ауыл. Тұрса Кекілдіков, Шәріпқан Мусин сол қиындықтан құтылып келген жандар еді. Жекебай Тәуке батырлардың шайқасында Жекебайдың Тәукеге айтатын сөзі бар:

-Жәй жатқан ауылға салма шатақ, Қойған жоқ жаудан қорқып малын матап. Міне, жәй жатқан Кеңес Одағына тұтқылдан басып кірген опасыз жаудан ел мен жерді қорғау

үшін қаншама боздақтар аттанды. Бір үйдің түтінін түтетер жалғыз, енді бір үйден төрт-бес жан соғысқа кетті. Солардың арасынан Насыр Байызов, Қабдықалық Есімқанов, Сағатбек Биімов, Калимолла Әбікенов, Шертпен Берік-болов, Мұраткен Қасымжанов, Жексенбек Орынбеков, Ерғали Олжабаев, Нұрмұхамед Төлеутаев, Қалдыбатыр Шыныбеков, Мұқаш Сарыбаев жараланып келіп, қираған шаруашылықты қалпына келтірді, жанұя құрып ұрпақ өсірді. Жеңісті жақындатуға сүйікті жарын, кимас туыс-туғанын шығарып салып, еңбек майданына араласқан апа-әжелерімізде көп болды. Жарым, туған аға-бауырым келіп қалар деген үкілі үмітпен өмірден озған жандар аз болған жоқ.

Туған ауыл осыны ұмытуға тиіс пе?! Жоқ, тиіс емес. Олай болса бір қарекет жасау керек. Біреу бастау керек қой. Сөйтіп, Дәлелқан Рамазанұлы "Көркейсе ауыл - көркейеміз бәріміз" деген қанатты сөзден рух алып, үлкен істі бастап кетті. Ауылдастарымен ақылдасып, алыстағы осы ауылдан өсіп-өнген жандарға сәлем айтып, телефон шалып ауылды көркейтуге күш салды. Осы ауылдың түлегі Рысқан апайының, Қияш ағасының қолдайтындарына сенді. Ауылдың жаңа жас әкімі Әсет Баймұрзаев, мектеп директоры Қызырқан Оралқанұлы, Рсалды Шертпенқызы, Фаузия Кәрімқызы, Тоқтау Оразғалиұлы, кәсіпкер Мырзабек Шыңғай тегімен ақылдаса отырып "Туған жерге - тағзым" акциясын ойдағыдай жүзеге асырды. Сөз жоқ, бұл оңай шаруа емес еді. Өзін де, астындағы көлігін де аямай қонақтарды Үржардан Егінсуға таситын. Келгендер сен шақырдың "жеткіз" енді дегендей, Дәлелқанға сынай қарап тұрар еді. Ел-жұрттың басын қосып өткен аға ұрпақтың аруағына бірнеше рет құран қатым түсірді. "Өлі риза болмай, тірі байымайды" дегенді есінен бір шығарған емес. Бұрын құлазыңқы тұратын Егінсу ауылына апаратын күре жолда екі қақпа мен мұңдалайды. Тоғыз көшеге тас төселіп, жарықтандырылды. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, тылда еңбек еткен асыл жандардың есімі жазылған тақта орнатылды. Ауыл орталығында Ержан Сағымбаев салған Алланың жердегі үйі- мешіт жамағатты шақырып, есігін айқара ашып тұр. Бас имамы осы ауылдың аузы дуалы ақсакалы атанып отырған - Хасен Сүлейменов.

Келешекте Жандос Мұхтарұлы салып жатқан жаңа қатымқана пайдалануға берілмекші. Ауыл орталығындағы клуб үйі жөнделіп, орындықтары қойылып пайдалануға берілді. Осының бәрі - ауылын ардақ тұтқан Дәлелқан Рамазанұлының қуанышы. Өйткені, ол "мен істедім дегенше, ел істеді дегейсін, ел істеді дегенше ер істеді дегейсін" деген сөзді жанына мықтап түйген.

Дәлелқан өзінің ақылдасып айтқан әр сөзіне мән беріп қолдаған, көмек көрсеткен аудан әкімі Серік Зинабекұлына, орынбасарларына рахметі шексіз.

"Ізгі істің ертеңі жақсы" дейді халық нақылы. Ауылының ертеңінен үміт күткен, туған ауылын пір тұтқан азамат туралы сөз осы.

МҰРАТҚАЗЫ САЯБАЕВ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.
суретті түсірген Нұрсұлтан Есембаев.

БІЛІМ САЛАСЫ

Бүгінгі ұрпақ - ертеңгі ел болашағы. Сондықтан әр ұстаз, бала тәрбиесіне аса мән беруі қажет. Сондай-ақ Көкөзек орта мектебінде "Жас Ұлан" ұйымы тәлімгерінің ұйымдастыруымен тәрбие жұмыстары, сыныптан тыс іс-шаралар үздіксіз жүргізіліп отырады. Оған дәлел 5-11 сыныптар арасында "Құқықтық тәрбие", "Әдептілік-тәрбие бастауы", "Қыз-көрінер қылығымен", "Ұл-ұлт мақтанышы" атты тағы баяндамалар оқылып, талданып отырады. Сонымен қатар, "Жас Ұлан" ұйымының мектепшілік іс-шаралары: "Қызғанздіктік", "Ұлға-батылдық", "Жігітке жеті өнер де аз" (сурет салу, гүлдер дестесін жасау), "Шебер қолдар" (кесте ою, бисер) сияқты "Жас Ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен іс-

ТӘРБИЕ КӨЗІ - МЕКТЕПТЕ

шаралар өткізіліп, спорттық ойындар, компьютерлік ойындар, әдеби кітаптар оқу, мектептегі биологиялық мұражайға саяхат жасау, шығармашылық Кәп Құмарұлы атындағы дәрісханадан әдеби кітаптар оқу сияқты іс-шаралар жүргізіледі. Дені сау ұрпақ-ел тірегі дегендей салауатты жол жүру ережесі туралы түсініктер жүргізіліп, тұмаудан, жұқпалы аурулардан сақтану жайлы баяндамалар, диспуттар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады. "СПИД - ке қарсы күрес", "Темекі шегу әдет пе, әлде ауру ма?" тақырыбында түсініктер жүргізіліп, оқушылар пікірі тыңдалады. "Жас Ұлан" ұйымы мерекелік іс-шараларға да белсене қатысып, әр мерекелік шараларды жоғары

деңгейде ата-аналармен бірлесе отырып өткізеді. Сонымен қатар "Жарқын балалық шақ" тақырыбындағы аймақтық флеш - моб сайысына Қаратұма орта мектебіне барып, сайысқа қатысып "Жас Ұлан" ұйымы І орын алып қайтты, "Тарихынды танып біл" атты "Жас Қыран", "Жас Ұлан" ұйымдары бірлесе отырып, әр сынып өздеріне берілген тақырыпты макет түрінде қорғап, 2016 жылғы өткізілетін іс-шараларды қамти отырып, барлық мерекелік даталарды енгізді.

5-7 сыныптар арасында аудандық "Қозғалыс жас инспектор" конкурсына қатысып, "Строевой смотр" атты сайыстан ІІІ орын иеленді. Мектеп тәлімгері осы барлық іс-шараларды өткізе отырып, біршама

табыстарға жетті. Оған дәлел: ҚР Тәуелсіздік күніне орай, ҰОС -71 жылдығына орай "Жарқын балалық шақ" тақырыбындағы флеш - моб сайысына белсене қатысып Көкөзек орта мектеп - бақшасы І орынға шықты. Аудандық "Қозғалыс жас инспекторы" сайысында "Строевой смотр"- ІІІ орынмен марапатталды. Сонымен қатар, қоғамдық іс-шараларға белсене қатысқаны үшін, білім саласында жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде атқарған еңбегі үшін облыстық Семей қалалық кәсіподақ ұйымының төрағасы С.Ибраевтың «Құрмет» грамотасымен марапатталса, ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына, аудандық білім бөлімі кәсіподақ ұйымының төрағасы Ж. Жынғылбаевтың мақтау грамотасымен жеке-жеке ма-



рапатталды.

Бүгінгі таңда әр оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына әр ата-ана, әр ұстаз жауапкершілікпен қараса, болашақ ұрпағымыздың ертеңі жарқын болмақ.

ФАЛИЯ АЛПЫСБАЕВА,
Көкөзек ОМ - бақшасының тәлімгері және информатика пәні мұғалімі.



ШЕКАРАШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ

"Еміл" шекара бекетіне саяхат



Жансүгіров атындағы орта мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Ақылбеков Қуаныш Еркінұлы Ұлы Жеңістің 71 жылдығы, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына, 1916 жылғы Ұлт Азаттық көтеріліске 100 жыл толуына орай оқушыларды "Еміл" шекара бекетіне саяхаттап қайтты. "Еміл" бекетінің бастығы лейтенант Байкежанов Рахат Қайырболатұлы барғандарды аталмыш бекеттің тарихымен таныстырып, патриоттық тәрбие беруде өз үлесін қосты. Әскери техника мен қару-жарақтың түрлерін көрсетіп, таныстырды. Шекарада қызмет өтеп жүрген кинолог мамандар иттерін қалай күтіп, баптайтынын, шекараға бөгде адамдар кірген сәтте қалай анықтау керек екендігін ерекше көрініс ретінде көрсетті.

Саяхат барысында оқушылар көкейлерінде жүрген сауалдарына толықтай жауап алды. Сарбаздарға оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, ойын ұйымдастырып, бір сәтке болса да көңілдерін көтеріп, туған жерлері мен ана-қарындарына деген сағыныштарын басты.

Жел өтінде тұратын Отан қорғаушылардың қызметін көріп, оқушылар үлкен тәрбие алып, қуанышпен ауылға қайтты. Мемлекеттік шекара аймағында қызмет атқарып жүрген шекарашыларды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мерей тойымен құттықтаймыз!

МАЙГҮЛ БЕДЕЛЬБЕКОВА,
Үржар ауылы.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

"МЕДИАЦИЯ КҮНІ"

Таяуда Үржар ауданының №2 аудандық сотымен Мақаншы ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында "Медиация" кабинетінде "Медиация күні" республикалық акциясы өткізілді.

Акцияны ашу салтанатына кәсіби емес медиаторлар, Мақаншы полиция бөлімінің қызметкерлері, Ә.Найманбай, С.Сейфуллин атындағы ОМ-нің директоры, Мақаншы АО әкімі аппаратының қызметкерлері және БАҚ өкілі қатысты.

"Медиация күні" республикалық акциясын өткізу кезінде сот төрағасы 5 жеке тұлғаларды қабылдады, эксперттер ретінде Мақаншы полиция бөлімінің бастығы Б.Жапаров, Ә.Найманбаев атындағы орта мектебінің директоры Б.Биболов қатысты.

Іс-шара барысында сот төрағасы Қ.Қонкаев ҚР-ның медиация заңы, медиатор деген кім, татуласу рәсімдерінің түрі туралы тоқталып айтып өтті.

Сондай-ақ, іс-шара барысында жеке тұлғалармен жиі қойылған "Медиатор деген кім?", "Медиациялық келісімнің орындалуының тиімділігі қандай?" деген сұрақтарға жауап берілді.

Үржар ауданының №2 аудандық сотының баспасөз қызметі.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАН

ҰСАҚ БҰЗАҚЫЛЫҚ

Ұсақ бұзақылық, яғни, қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер.

Ұсақ бұзақылық жасаған тұлғаға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкімшілік жаза тағайындалады (осы баптың бірінші бөлігі бойынша).

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады (осы баптың екінші бөлігі).

Бәрімізге белгілі 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап айлық есептік көрсеткіш 2121 теңге, сонда айыппұл мөлшері 21210 теңге. Бұл дегеніңіз - кейбір отбасының бір айлық күн көріс мөлшері. Ендеше, ағайын, ұсақ бұзақылық жасаудан аулақ болайық!

С. ЖАНЫМЖАНОВА,

Үржар ауданының №2 аудандық сотының бас маманы.

Табиғат - біздің байлығымыз

Біздің қоршаған орта ол - Табиғат. Адам өз тіршілігіне барлық заттарды осы табиғаттан алады, яғни, табиғаттың қоғам үшін маңызы зор. Адамзат қоғамы мен табиғаттың ара қатынасы ең алдымен табиғат байлығын пайдаланудан басталады. Содан да, ол байлықты кәдеге жарата отырып, оны қорғау керектігін есте сақтау қажет-ақ. Қазіргі кезеңнің өзекті де күрделі мәселелерінің бірі - қоршаған ортаны қорғау. Табиғатты қорғау жөнінде іс-шаралар жүргізіліп жатады, насихатталады да.

Шыны керек, адамзаттың бүкіл өмір сүруінің алтын дінгегі саналатын табиғатты қастерлеу - ол үлкен парыз. Өсімдіктер адамдарға қорек,

шикізат, отын ретінде ғана қажет емес, олар ғаламшардағы теңгерімділікті ұстап тұрады. Бірге өсетін көп ағаштар тобы орманды құрайды. Кезінде жер бетінің 60 пайызға жуығын орман-тоғайлар алып жатқан, бірақ адамдар өз қажеттілігі үшін көпшілік бөлігін құртып жіберген. Ағаштар мен бұталар аралас өсетін орманды жерлер - жануарлар үшін қолайлы тіршілік ортасы. Жабайы табиғат та, әсіресе, құстар мен ұсақ сүтқоректілер үшін өте қолайлы пана. Жер бетіндегі бүкіл тіршілік иелерінің өміріндегі ағаштың алатын маңызды рөлі - жапырақтарының оттегі бөліп шығаруы. Бүгінде табиғат - ананың қойнауынан табиғи бай-

лықты алып жатырмыз. Таусылмайтын дүние жоқ, табиғатқа қорқаулық көзқарас емес, қамқорлық көзқарас қажет-ақ. Көзқарасымыз түбегейлі өзгермесе оның зардабын ұрпағымыз тартары анық. Табиғат - ананың қадіріне жете отырып, қоршаған ортаны аялап, оған қамқор бола білуге экологиялық ахуалды құлдыратпай, туған жерді, өскен өлкені қорғау - ол үлкен парыз, зор міндет.

ЕРІАН ЛАУЕНОВ.

**"Семей орманы" МОТРРММ
"Тау-Дала" филиалы Үржар
орманшылығының мемлекеттік инспекторы.**

Құттықтаулар!

Мақаншы ауылының тұрғыны, асыл анамыз **Нұрбәтi Құмырсқақызын** 15 тамыз күні 80 жасқа толған мерейлі жасымен құттықтаймыз!

Аяулысыз, ақылшысыз,

данасыз,

Асыл ана, барлық жаннан

дарасыз.

Қуаныңыз, шаттаныңыз,

күліңіз,

Құтты болсын мерейлі туған

күніңіз!

Өзіңізге қарызымыз көп біздің.

Білім нәрін сусындатып жеткіздің,

Жарқырасақ жұлдыз болып аспанда,

Арқаңыз ғой әкемнен тек сіздің.

Құттықтаушылар: балалары Ерболат, Ләззат, Мұрат - Жанат, Ержан - Гүлмира, Қайрат-Айгерім, немерелері Дархан, Еркежан, Мақсат, Ботагөз, Сымбат, Нұрсұлтан, Рүстем, Дастан, Дарын, Бауыржан, Дария.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚКА ҚАРСЫ САЯСАТ ЖОСПАР БОЙЫНША

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Біздің республикамызда бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап-ақ мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды.

Қазіргі уақытта қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Елімізде жемқорлықпен және қылмыспен күресті күшейту шараларына орай, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" арнайы заңдар қабылданды.

Жыл сайын әділет органдары қызметшілерінің арасында сыбайлас жемқорлық жол бермеу бойынша Жоспары әзірленеді. Тұрғындарының арасында құқықтық сана және құқықтық мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында, сыбайлас жемқорлықпен күресу аясында құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу, ұйымдастыру-насихаттық шаралар жоспарына сәйкес әділет басқармасымен семинарлар, дәрістер, дөңгелек үстелдер, "Әділет кеңес береді" акциялары өткізіліп, БАҚ басылымдарда мақалалар жариялануда.

САМАЛ ДЮСЕНОВА,
Үржар аудандық әділет басқармасының инспекторы.



40 жыл Қаратұма ауылында жас пен кәріге, жалпы адамзаттың бәріне көмек қолын созып, жанын қоярға жер таппай, жанына дауа, тәніне шипа іздеген жандардың көңілін көтеріп, өмірге деген құлшынысын арттырып, ертелі-кеш ерінбей ел үшін еңбек етіп, халықтың алғыс-сауабын алған ақ халатты абзал жан Есенгелді Қанапияұлы Рамазановты 19 тамыз туған күнімен және зейнеткерлік жасқа келуімен құттықтаймыз.

*Құтты болсын зейнеткерлік жасыңыз,
Жақсылық пен қуаныштан тасыңыз!
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Әлі талай асулардан асыңыз!
Деніңіз сау, аман болып басыңыз,
Тек жоғары домаласын тасыңыз!
Ел-жұртыңның ортасында аман-сау,
Күліп-ойнап, жүзге келсін жасыңыз.*

Құттықтаушылар: Қаратұма ауылдық әкімшілігінің ұжымы

ЕСКЕ АЛУ

Қарабұлақ ауылының тұрғыны болған асылдың сынығы, тектінің тұяғы, ардақты ана, адал жар, инабатты келін, небәрі 34 жаста дүниеден озған аяулы туысымыз **Далдырбаева Союзхан Зимолдақызының** дүниеден өткеніне 20 жылдың жүзі болды.

Бұл тағдырдың жазғанына бағындық, Керек екен төзімдік пен сабырлық. Қорған болып жүруші едің сәбилеріне, Асыл сіңілім, нұр жүзінді сағындық. Жұбанышпен жанымыз жабырқап, Туғандары сағынышпен еске алады. Өзіңмен өткен күндеріміз, Жадымызда мәңгі сақталады.

Сағынып еске алушылар: туған-туыстары. Райхан, Гүлбаран, Сәулет-Майра, Аманғали-Фарзана, Отарғали-Рысқан және апайың Әмина.



Срочно требуется помощь моей маме, Туруспековой Жумабике Адришевне, которая всю жизнь проработала бухгалтером в Урджарском районном отделе образования. У нее очень серьезное заболевание: гломорунефрит почек, в данный момент она получает гемодиализ. На пересадку почек нужна очень большая сумма денег. Просим всех неравнодушных людей откликнуться.

Расчетный счет KZ0292603014 N9113004, АО " Казкоммерцбанк".

Семья Туруспековых.

"Қаракол орта мектеп - бақшасы" КММ -сін 2016 жылы бітіргені туралы Тойлыбаева Аяулым Ардакқызының атына берілген ЖОБ № 0963121 аттестат жоғалғандықтан **жарамсыз** деп есептелсін

ПРОДАЕТСЯ

дом в с.Урджар, ул.Воронкова, 28, автомашина " Волга" в хорошем состоянии. Не дорого. Тел. 3-13-43, сот.+7779871742.

"Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы" департаменті Үржар аудандық бөлімшесінің басшысы Тлеуова Светлана Нұртөлеуқызына ардақты әкесі **Шпекбаев Нұртөлеудің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады

Директор-редактор **ЗОЯ БУЛАНОВА**

Құрылтайшылар:

Үржар ауданының әкімдігі.

Көлемі шартты 1,5 баспа табак.

Аптасына екі рет, дүйсенбі,

бейсенбі күндері шығады.

Мекен - ж а й ы м ы з : 0 7 1 7 0 0

Үржар ауылы, Абылайхан даңғылы, 116 үй

Телефон: (8-72230) 3-36-11 (редактор)

(8-72230) факс: 3-48-44.

тілшілер: 3-44-19, Мақаншы : 4-12-29

E-mail: cool.gazeta22010@yandex.kz

Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды.

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін және мақала авторларының пікірі мен жарнама мәтіні үшін редакция жауапты емес.

Уақыт тынысы

Пульс времени

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және Қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 4095 - Г куәлігі 04.08.2003 жылы берілген.
Газет редакцияның компьютерінде теріліп, беттелді және _Өскемен қаласындағы ТОО «Печатное издательство «Рекламный Дайджест» (пр. Абая,20) баспасында басылды. Офсеттік басылым. Тираж 8256 дана. Заказ №